

Мәдениет таңба ретінде

Факультет: Философия және саясаттану

Тунгатова Улжан

Мәдениет

Қазақстанның дамудың жаңа жолына түсуі өз кезегінде білім алу жүйесіне ғана емес, мәдениет саласына да үлкен өзгерістер әкелді. Кеңестік кезеңде мәдениет пен білім мемлекеттің қосымша көмегін пайдаланатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл екі салаға көңіл аз бөлінді. Мемлекеттің бюджеттік саясаты адамдардың рухани сұранысымен есептеспеді. Әсіресе бұл республиканың рухани-мәдени өмірінде көбірек көрініс тапты. Экономиканың ырыққа көнбеуі, онын жылдан-жылға төмендеуі адамдар психологиясын мәдени дамудан гөрі материалдық байлыққа итермелей, икемдей түсті.

Қазақстанның әлемдік кеңістікке бет алуы өзінің құнын жоғалтқан идеологиялық мәдениеттен гөрі әсіреқызыл батыстық үлгіге айқара есік ашып берді. Батыстық мәдениетпен қосарланып түрліше діни секталар мен ағымдар да ағылды.

Көне Түркі жазулары



Чернышева Надежда



Таңбалы мәдениет






Ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.).

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде жазу, сызу, егін, әдебиет өнері, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ.

Күлтегін (684-731 жж.) -
Құтлық(Елтеріс) қағанның
екінші ұлы, **Білге**
қағанның (**Могилян**) туған
інісі. Шешесі Елбілге
қатұн. **Ашина** текті.
Күлтегін 7 жас кезінде әкесі
Құтлық (680-692 жж. билік
күрған) қайтыс болады. Қаған
тағына оның інісі Қапаған
(692-716 жж.) отырады.
Күлтегін мен Білге,
Қапағанның інісі Бөгүні (716
ж.) тақтан тайдырып,
қағандық билікті Білге қолына
(716-734 ж.) алады





«Күлтегін» ескерткіші

Балбал — ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі.

Балбал - көне түркі сөзі.

Балбал сөзі бал+бал, яғни соғу, қағу, үру дегенді білдіретін қос сөзден тұрады. Бірақ бірыңғай мағынаны білдіретін ұғым. Түркологтардың пікірінше, «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Балбалдың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Балбал - өліктің аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең семантикалық мәнді компоненттерінің бірі. Ежелгі түркі ғұрыптық кешенінің құрамы арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер - Балбалдардан тұрды (саны 10-600 данадан астамға дейін барады).





- Қазақ халқының құрылуына негіз болған ру-тайпалар ол замандарда қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік-шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойын, Каспий жағалауларын мекен еткен. Олар өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының төл құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Сөйтіп, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болған түркі тілдес халықтардың әдебиеті де ортақ болды. Кумандар, Дешті Қыпшақтар, тағы басқадай атанған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы түркі тілдес халықтардың ерлігі, тұрмыс-тіршілігі, арман-қиялы поэзия тілімен жырланып, ерлік эпостар, ертегілер, аңыздарда баян етілген. Құлпытас, күмбез түріндегі ескерткіштерге өздерінің елеулі-елеулі тарихи адамдары туралы жоқтау, мадақтауларын жыр түрінде ойып жазып қалдырып отырған.

Жошы хан ([1187-1227](#) жылдары) – [Шыңғыс ханның](#) үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін [Қыпшақ даласында](#) құрылған жаңа мемлекет - [Жошы ұлысының](#) негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы [Бөрте](#) бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені. Ол ересен күшті, ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын қайсар адам болған.



Күлтегін

Күлтегін ескерткішін 1889 жылы орыс археологиялық экспедициясы Кіші-Цайдамда Көкшіл-Орхон өзенінің оң жағалауынан тапқан еді. Түркі



империясының тарихы туралы әңгімелейтін бұл ескерткіш Білге қағанның кіші інісі және серігі Күлтегін ханзадаға арналған. Күлтегін – қайсар жауынгер әрі қолбасшы. Ол 718 жылы табғаштарға ойсырата соққы береді. Нәтижесінде халық бірнеше жылдар бойы бейбіт өмір сүреді.

Күлтегін ханзада аяқ астынан 47 жасында қайтыс болған. Даңқты жауынгердің өлімін жоқтауға көрші мемлекеттер-

ден көптеген адамдар келген. Білге қаған Күлтегінге арнап ескерткіш жасатпақ болып, Қытайдан шеберлерді арнайы шақыртады. Сөйтіп, 732 жылы салынған осы ескерткіштің жоғарғы жағына айдаһар бейнесі ойып жасалған. Мәтін тек түркі руналық жазуымен ғана емес, қытайдың иероглифтерімен де таңбаланған. Онда Шығыс түркілердің Тан династиясының езгісі-

нен азат етіліп, жеңіске жетуі, қағандардың ерлігі мен Күлтегіннің жауынгерлік жорықтары жырланады. Түркі халқын бірлік пен ерлікке шақырады.



Түркі халықтары мәдениетінің ортақ мұрасы болып саналатын осынау Күлтегін ханзадаға арналған ескерткіштің дәл қайталанған көшірмесі – Ел ордасы Астана қаласындағы Еуразия университетінің үлкен залына қойылған.



Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді.

ОРХОН – ЕНИСЕЙ ЖАЗБАЛАРЫ



«Жоғарыда Көк Тәңірі,
төменде Қара Жер
жаралғанда екеуінің арасында
адам баласы жаралған», -
деген сөздері *Дүние*
онтологиясын үшке бөледі:

- Жоғарғы Әлем
- Ортаңғы Әлем
- Төменгі Әлем



Тәңіршілдіктің космоцентрлік
сипатын дәлелдейді

Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары.



АРАЛБАЙ БАТЫР
ӘЛІБЕКҰЛЫ
1685-1778

Арғынның Алтай бұтағынан.
Әз Тауке мен Абылайдың сеніміне ие
болған жойқын батыр. Бөгенбайдың
үзеңгілес серігі. Жоңғар шапқыншы-
лығында Арқа әскерінің қолбасшысы
ретінде бұланты, Аңырақай Влеңті шай-
қастарында ерлігімен көзге түсті. Нияз
байғозы батырлар аға тұтқан. 1718
жылы күш біріктіру үшін Арғанатыда
Үш жүздің басын қосқан тарихи тұлға.



-2010-



Көне Түркі жазуы (басқаша Орхон-Енисей жазуы) — V ғ. б.з.б. — X ғ.


б.з. [түркі тайпаларының](#) жазуы.

Бірінші табылғаны [Орхон өзенінің](#) бойында (Екінші түркіт қағандығы) және [Енисей](#)

[өзенінің](#) жоғарғы ағысында ([Қырғыз қағандығы](#)). Кейде руник жазбасы дейді, алман [руналарынынан](#) жанасым табып (кейбір

нышандар кескіні дәл келіп тұр, дауысты мағынасы да жақын). [Азиялық](#) түркі

руналары [соғды жазуының](#) негізінде VIII ғ. бұрын жасалған деп есептеледі.



Орхон ескерткіштері.

Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады.

Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар.

Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты.

Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады.

Бұның ішінде тарихи құндылығы

Жағынан «Құтлың қаған», «Білге қаған»,

«Күлтегін», «Тоныкөк»,

«Күлі Чор» және «Мойын Чор»

ескерткіштерінің орны ерекше

Талас ескерткіштері.

Бұл аймақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен

Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп



шоғырланған жері қазіргі

Жамбыл облысында.

Қолданылған мезгілі бірыңғай 8 ғасыр.

Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

Орхон – Енисей жазба ескерткіштері



Көне түркі халықтарының көне жазуы тас бетіне қашалып жазылған. Күлтегін, Тоныкөк.

Балбал — ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі.

Балбал - көне түркі сөзі.

Балбал сөзі бал+бал, яғни соғу, қағу, үру дегенді білдіретін қос сөзден тұрады. Бірақ бірыңғай мағынаны білдіретін ұғым. Түркологтардың пікірінше, «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Балбалдың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Балбал - өліктің аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең семантикалық мәнді компоненттерінің бірі. Ежелгі түркі ғұрыптық кешенінің құрамы арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер - Балбалдардан тұрды (саны 10-600 данадан астамға дейін барады).



*Назарларыңызға
рахмет!!!*

